

**Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы КИРИЛЛДЫҢ архипастырларға,  
пастырларға, диакондарға, монах қызметіндегілерге және барлық Орыс  
Православие Қауымының сенімді ұл-қыздарына Пасхалық жолдауы**

*Біздің Құдай ұлдары болып аталу үшін,  
бізге Әке қандай махаббат бергенін қараңдар.*

(1 Ин. 3, 1)

**Аса қасиетті архипастырлар, қадірлі пресвитерлер мен диакондар,  
Құдайды сүйген иноктар мен инокинялар, қымбатты аға-інілер мен  
әпке-қарындастар!**

**ХРИСТОС ТІРІЛДІ!**

Осы қуанышты және өмір орнықтырушы сөздермен шын жүрекпен барлықтарыңа, қымбатыларым менің, сәлем беріп, ұлы және құтқарулы Пасха мерекесімен құттықтаймын.

Қауым осы киелі күнді бір дүниежүзілік ұстаз киелі Григорий Богословтың айтуымен мерекенің мерекесі және салтанаттың салатаны – деп атайды. Бұнда терең рухани мағына бар, өйткені *«Пасханың басқа салтанаттардан басым болғаны сонша, адамзаттық пен жерлік қана емес, Христостың және Христос үшін істелгендер де, күннің басқа жұлдыздардан басым болғанындай»* (Киелі Пасхада айтылған 45 сөз). Адам баласының құтқарылуы тарихындағы аса маңызды оқиға болған, Иисус Құдай Иенің өлімнен даңқты тірілуінде, біздің сеніміміздің дәл маңынасы мен ең терең мәні бар, христианствоның әлемге жолдауының өзегі мен құдіретті күші. Біздің барлық уағыздарымыз осы күндері тек екі сөзден тұрады. *«Христос тірілді! – осыны айтып, бұдан артық не айта аламын? Барлығы осымен айтылған!»* – деп, лептеп сөйлейді киелі епископ Филарет, Мәскеу митрополиті (Киелі Пасха күні айтқан сөзі 1826 жылдың 18 сәуірі).

Адамның күнәланғанынан кейінгі адамзаттың тарихы – бұл жақсылықтың жамандыққа қарсы үздіксіз күресі. Жаратушыға тіл алмаушылық танытып, адамдар өздерінің өмірлеріне және әлемге күнә түсірді, ал онымен бірге қайғы-қасірет, сырқатылық, шіру және өлім де келді. Бірақ, ең бастысы, күнә адамдарды, ешқандай жамандық істемеген және әр түрлі жалғандықтан жат

Құдайдан ажыратты. Бір де бір тақуа адам бұл аянышты бөлінуді, бұл орасан зор рухани тұңғиықты жеңе алмады, өйткені тек адам күшімен бұны жеңу мүмкін емес. Сондықтан киелі епископ Григорий Богослов, былай дейді: *«біз денеленген және өлтірілген Құдайға мұқтаж болдық, біздің тірілуіміз үшін»* (Киелі Пасхада айтылған 45 сөз).

Басқа сөзбен айтқанда, Христостың өлімнен Тірілуі, оның нәтижесінде адамзаттың шектеулігі жойылып, Құдайменен бірігуді аңсаған шөлдігі қандырылған мәңгілікке ашылған жол болды. Пасха – Жаратушының адамдарға деген шексіз махаббаты, *«өйткені Құдайдың әлемді сүйгені сонша, Ол Өзінің Біртуған Ұлын берді, Оған сенген әркім, өлім көрмей, мәңгі өмірге ие болу үшін»* (Ин. 3, 16).

Бірақ Пасханы соғыс пен жанжалдан азап кешкен, өшпенділік пен ашуға толы әлемде мерекелеу деген не? Өлімнің бәрімізге осы өмірдің аяғында айқын келетінін біле *«өліммен өлімді жеңіп, қабірдегілерге өмір берді»* деп айтуымыз не? Шүбәсіз, Пасха дүние жүзінде өлімнің нақты болуын өзгертпейді, бірақ енді адамзаттың ауыртпашылығын және жер болмысының қасіретін, – бізге, Оның үйренушілеріне және жолын қуушыларға мәңгі өмірді беруге жойылмайтын үміт берген, – өлімнен Тірілген Құдай Ие Иисус жеңді. Енді өлім бізге, христиандарға, айырылысу есем, бірақ Құдайменен қуанышты кездесу және көп күткен бірігу.

Христос, *қайтыс болғандардың ішінде біріншісі*, (1 Кор. 15, 20), болып бізге күнә мен өлімді жеңудің жалғыз мүмкіндік жолын көрсетті. Бұл махаббат жолы. Және бұл махаббаты біз әлемге куәландыруға парызбыз. Және ең бастысы бұны біз өзіміздің өміріміздің үлгісімен куәландыруға парызбыз, өйткені *егер арамызда махаббат болса, онда біздің Құтқарушының үйренушілері екенін біледі* (Ин. 13, 35).

Махаббат, апостол Павелдың сөзі бойынша, *кәлеметтің жиынтығы* (Кол. 3, 14), – бұл христиандықтың асқар биік және ең зор рақымшылығы. Мәңгілікке өте, біздің Құдай Иеміздің Өзін көрген кезімізде, біздің сеніміміз білуге айналады, ал құтқарулыққа деген үміт Құдайдың мейірімділігімен жүзеге асады. Дегенмен, *махаббат еш қашанда жоғалмайды* (1 Кор. 13, 8) және ешқашанда өзгермейді.

*Христианствоның кемелдігі жақынға деген кемелді махаббаттан тұрады* – деп Киелі епископ Игнатий (Брянчанинов) тамаша жазады (Тақуалық тәжірбие. Жақынға деген махаббат туралы). «Кемел махаббат» деген не? Бұл махаббат танымаған адамдарға, қастық ойлайтын адамдар мен дұшпандарға

да болатын махаббат. Бұл адамның барлық түсінігінен тыс болатын құрбанды махаббат, өйткені күнделікті өмірлік қисынына келіспейді. Осындай махаббатқа, Құдайдың нұр жауған құт берекесін өзіне тартқан рухани ерлікпен ғана жетуге болады, тек сондай ғана махаббат өшпенділікке махаббатпен, жамандыққа жақсылықпен жауап беруге мүмкіндік береді.

Дәл осындай махаббаты бізге, біздің құтқарылуымыз үшін ит қорлықты, крестегі азапты және ауыр өлімді басынан кешкен Христос бізге көрсетті. Оның барлығын жеңген және барлығын толтырған махаббатымен тозақтың іргетасын талқандады, ал барлық адамдарға, ақырында, пейіштің дарбазасын ашты. Өмірдің қандай да жағдайы болса да, жамандықтың күші сағымды және өте үлкен емес, өйткені, оның күші жалғыз қайнар көзі Құдайдың Өзі болған махаббат пен игіліктің күшімен тең келе алмайды. Күнәға және жалғанға қарсы тұрудың әрекетті амалы және үздік жауабы – біздің адал жүректің тереңдігінен шыққан мінажат екенін есте сақтайық. Және ең алдымен – қауымда, храмда Құдайға қызметтік кезінде айтылған мінажат, әсіресе – Евхаристия Құпиясында Құтқарушының Өзінің Тәні мен Қанын қабылдау.

Енді ұлы пасхалы қуанышта болып және Табыттан Тұрған Өмірбергіш Христосқа аса құрметпен қарап, осы құтқарулы хабармен жақындарымызбен де алыстағыларымызбен де, олардың да Құдай махаббатының айтуға сөз жетпейтін жарығын көріп, бізбен бірге *бәрінен де адал және әсемді Әкенің және Ұлдың және Киелі Тынның атына бата берулері және даңқтаулары үшін бөлісейік.*

Барлық ұғымнан басым болған Христостың Тірілуінің құтқарулы жарығы біздің өміріміздің жолын әрдайым жарықтандырсын, бізді рухани ағартып және жұбатып, Аспан Патшалығының мұрагерлері жасасын.

Қымбатыларым менің, қуаныңдар, өйткені

**ШЫНЫМЕН ДЕ ХРИСТОС ҚҰДАЙ ӨЛІМНЕН ТІРЛДІ!**

**МӘСКЕУ ЖӘНЕ БҮКІЛ РУСЬ ПАТРИАРХЫ**

Мәскеу

Христос Пасхасы,

2016 жыл